

**BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

ISSN 1991-3494

Volume 3, Number 367 (2017), 203 – 209

**A. A. Boltaeva**Narxoz University, Almaty, Kazakhstan.  
E-mail: b\_aika01@mail.ru**DEVELOPMENT OF SOCIAL RESPONSIBILITY OF BUSINESS  
IN KAZAKHSTAN**

**Abstract.** In this article the main directions of development of social responsibility of business are considered, its concept as an economic category is given. The development of elements of social business is presented.

Formation of social responsibility of the state and business is one of the basic conditions for sustainable development. Social responsibility in the modern world is perceived not only as a charity, but also as an effective activity that enhances the business reputation and capitalization of the company. This is a voluntary contribution of business to the development of society, social, economic and environmental spheres. This is a conscious investment of business in the future.

The results of conducted specialized studies that demonstrate the low awareness of business entities of Kazakhstan about the social responsibility of business, as well as the lack of a common understanding of the concept of social responsibility of business by various stakeholders, are also analyzed.

In the author's opinion, in Kazakhstan it is necessary to improve the system of social responsibility of business, to develop an analytical tool for the effectiveness of its functioning, at the legislative level, to determine the procedure for the preparation and audit of social reporting.

Replacing these gaps is a prerequisite for improving the competitiveness of Kazakhstan's business.

**Key words:** state, business, social responsibility of business, social development, social audit, ethics, standards of social responsibility

ӨОЖ 332.1(574):001.895

**A. A. Болтаева**

Нархоз Университеті, Алматы, Қазақстан

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БИЗНЕСТІҢ  
ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІГІНІҢ ДАМУЫ**

**Аннотация.** Аталмыш мақалада бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін дамытудың негізгі бағыттары қарастырылады, оның экономикалық категория ретінде анықтамасы беріледі. Әлеуметтік бизнес элементтерін дамыту қарастырылған.

Мемлекет пен бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінің қалыптасуы тұрақты дамудың негізгі шарттарының бірі болып табылады. Заманауи әлемде әлеуметтік жауапкершілік тек қайырымдылық қана емес, сонымен қатар компанияның іскерлік беделі мен капитализациясын жоғарылататын тиімді қызмет. Бұл бизнестің қоғамның әлеуметтік, экономикалық және экологиялық салаларының дамуына қосқан ерікті үлесі. Бұл бизнестің саналы түрде болашаққа салған инвестициялары.

Сондай ақ, мақалада арнайы жүргізілген зерттеулердің нәтижесі талданады, оларға сәйкес, Қазақстандағы бизнес субъектілерінің бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөнінде хабардар болуының өте төмен деңгейі және әртүрлі мүдделі жақтардың бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі тұжырымдамасының ортақ түсінігінің жоқтығын көрсетін отыр.

Автордың пайымдауынша, Қазақстанда бизнестің әлеуметтік жауапкершілік жүйесін жетілдіру, оның тиімді әрекет етуінің аналитикалық құралдарын әзірлеу, заңды деңгейде әлеуметтік есепті дайындау реті қажет.

Аталмыш мәселелердің шешілуі қазақстандық бизнестің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатудың қажетті шарты болып табылады.

**Тірек сөздер:** мемлекет, бизнес, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі, әлеуметтік даму, әлеуметтік аудит, этика, әлеуметтік жауапкершілік стандарттары.

Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі соңғы жылдары Қазақстанның іскерлік және ғылыми орталарында белсенді талқыға салынууда. Қоғамның тұрақты дамуында әлеуметтік үлес идеясы бизнесті жүргізудің өркениетті белгісі ретінде бизнес-қоғамдастықтар және мемлекеттік құрылымдар тарапынан қолдау табууда. Бұл әсіресе, қазақстандық ірі кәсіпкерлікте басымырақ көрінеді, десек те, өз қызметінде бизнестің әлеуметтік жауапкершіліктұжырымдамасы мен элементтерін жүзеге асыратын шағын және орта кәсіпорындардың саны да өсіп келеді.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Біздің басты мақсатымыз - 2050 жылға қарай мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру» – деп басты мақсатты көрсеткен болатын. Соның ішінде «Әлеуметтік саясаттың жаңа принциптері – әлеуметтік кепілдіктер және жеке жауапкершілік» атты бөлім қарастырылған. Ондағы ең басты мақсат - әлеуметтік қауіпсіздік және азаматтарымыздың бақуаттығы. Бұл – қоғамдағы тұрақтылықтың ең жақсы кепілі. Біздің қоғамда уақыт сынына төтеп бере алатын жаңартылған және әлдеқайда тиімді әлеуметтік саясатқа деген сұраныс өсіп келеді. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, әлеуметтік саясаттың мінсіз және әмбебап үлгісі жоқ. Бұл барлық азаматтары сол әлеуметтік жүйеге қанағаттанатындай бірде-бір қоғамның жоқтығы сияқты. Әлеуметтік қауіпсіздік және азаматтардың бақуаттығы мәселелерін шешу - бұл әрбір қазақстандыққа әсер ететін қиын және өте маңызды міндет болып табылады.

Жолдаудағы «Әлеуметтік саясаттың жаңа принциптері – әлеуметтік кепілдіктер және жеке жауапкершілік» бөлімінде әлеуметтік саясаттың жаңа қағидалары қарастырылған: «...мемлекет, әсіресе, жаһандық дағдарыс жағдайында, азаматтарға ең төменгі әлеуметтік стандарт кепілдігін беруі тиіс. Басты міндет - кедейшіліктің өсуіне жол бермеу. Кедейшілік ешбір қазақстандық үшін әлеуметтік перспективаға айналмауы керек. Мемлекет әлеуметтік қолдауды тек бұған мұқтаж топтарға ғана көрсетуі тиіс. Біз өңірлерді дамытуда әлеуметтік теңгерімсіздік мәселелерін шешуге назар аударуға тиіспіз. Біз еңбекпен қамтуды қамтамасыз ету және еңбек төлемі саясатын жаңғыртуға тиіспіз. Бұл айтылып отырған қағидалар біздің елімізде ең өзекті мәселелер мен қолға алу керек жағдайлар. Сонымен қатар бұл мәселелерді қолдау жұмыстары ең алдымен өңірлер мен аймақтарда жүргізілуі керек» [1].


Осындай Елбасы қойған саликалы міндет тұрғысында әлеуметтік жаңғыртулар мен әлеуметтік кепілдіктерді жүзеге асыру үшін ұйымдағы әлеуметтік басқарудың дамуын қамтамасыз ету мәселелері өте өзекті болып табылады.

Ұйымның әлеуметтік дамуы оның әлеуметтік ортада жоғарғы дәрежеге көтерілгендігін көрсетеді – заттай, қоғамдық және рухани шарттарда, ұйымның жұмысшылары еңбек етеді және отбасыларымен бірге тұрады, сол жерде қажеттіліктердің қолданылуы мен сараптауы жүзеге асырылады, тұлғалар арасында объективті байланыс орнатылады, олардың моралды-этикалық құндылықтарының маңыздылығы табылады. Осыған байланысты, әлеуметтік даму бірінші кезектегі тапсырмаларды орындауы қажет.

Әлеуметтік басқаруда тағайындау адамдарға ерекше әсер етеді. Оның негізгі есебі әлеуметтік басқару бөлімдерден тұрады және ұйымның еңбек жағдайына тиісті қызметкерлері үшін жасайтын және тұрақты жақсарту деңгейіне жететін процес.

Әлеуметтік ұйымның дамуымен басқару тәсілдері, ғылыми тәсілді негізге ала отырып, әлеуметтік процес заңдылықтары, саяси есептеуді өнер-білімге, әлеуметтік мәселелерді шешуге рұқсат беретін процедуралардың жиынтығы және сенімді әлеуметтік нормативтер қосындысы деп есептеуге болады. Қоғамдағы әлеуметтік басқару процесі сияқты мақсаттар мен міндеттерді анықтаудың астарында саяси мән жатыр. Сондықтан негізгі принциптердің бірі – оған саяси тұрғыдан қарау принципі. Қазіргі біздің қоғамда жүріп жатқан процестер заңды түрде басшылыққа саяси тұрғыдан қарау принципін тереңдету арқылы жүзеге асырылуда [2].

Десек те, Қазақстанда бизнестің әлеуметтік жауапкершілігіне байланысты ауқымды зерттеулер санаулы ғана жүргізілген. Оның ең алғашқысы 2008 жылы БҰҰ жүргізілсе, соңғысын тек 2013 жылы САНДЖ зерттеу орталығы жүргізген (1-сурет).



1-сурет – Қазақстандағы кәсіпорындардың «Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөнінде хабардар болуы» бойынша зерттеулер нәтижесі, %

Зерттеулер нәтижелері көрсеткендей соңғы бес жылда бизнес өкілдерінің бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінен хабардар болу деңгейі (Сіз бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөнінде естідіңіз бе?) орташа есеппен алғанда 3%-ға өскен (60%-дан 63%-ға дейін). Соның ішінде ірі компаниялар шағын бизнеспен (47%) салыстырғанда 100% бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөнінде мағлұматы бар.

Шетелдік компаниялармен салыстыру барысында келесі мәліметтер алынды (2-сурет).



2-сурет – Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөнінде білетін меншік формалары бойынша кәсіпорындар саны

Меншік формалары бойынша шет елдік және біріккен кәсіпорындар қазақстандық кәсіпорындармен салыстырғанда бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінен хабардар [3].

Қуантарлық жәйт, Қазақстанда 2015 жылы «Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі. Қазақстанның 30 компаниялары мысалында Case-study» тақырыбы бойынша зерттеулер жүргізілді. Аталмыш зерттеулер аясында бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі бойынша 46 жоба белгіленген. Зерттеу нәтижелерінің көрсетуінше, қазақстандық компаниялардың басым көпшілігі бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін «қайырымдылық» деп қарастырады екен [4].

Сондықтан, қазақстандық бизнес әлі де бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі ұғыну кезеңінде деуге болады.

Компаниялардың әлеуметтік бағыттарының ең бастыларынан мыналар ерекшеленеді: қызметкерлердің дамуы, денсаулық сақтау және қауіпсіз еңбек жағдайы, әлеуметтік қайта құрылымдау, табиғи ортаны қорғау қызметі, жергілікті қауымның өркендеуі, ресурстарды үнемдеу, адал іскерлік қызмет.

*Бірінші бағыт – қызметкерлердің дамуы* дегеніміз компанияның әлеуметтік бағдарламаларына тиісті. Ол мекемедегі дарынды қызметкерлерді ұстап қалуды мақсат ететін қызметкерлердің даму стратегиясын қамтиды. Компанияның қызметкерлерді дамыту туралы әлеуметтік бағдарламалар келесі бағыттары пайдалана алады: үйрету және кәсіби машықтарының жетілдірілуі, қызметкерлердің әлеуметтік пакеттің қолданулары, демалыс жағдайларын жасау, ішкі қарым-қатынастырды жақсарту, қызметкерлердің басқарушылық шешімдерді қабылдауға қатысушылық білдіруі, және т.б.

*Екінші бағыт – денсаулық сақтау және қауіпсіз еңбек ортасы.* Ол компанияның әлеуметтік бағдарламасындағы денсаулық сақтау және жұмыс орындарындағы қауіпсіздікті көздеген, заңмен бекітілген нормаларға негізделген шарттары.

Жоғарыда айтылған компанияның әлеуметтік белсенділігін қамтитын бағдарламалар мыналар: еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы, мекемедегі қызметкерлерге медициналық қызмет көрсету, санитарлық-ғиғиеналық шарттардың орындалуы, мекемеде бала туу мен ана болуға қолдау көрсету, кәсіптік сырқаттың алдын ал шаралары және т.б.

*Үшінші бағыт – әлеуметтік қайта құрылымдау* – дегеніміз қайта құрылымдауға шақырған қызметшінің жағдайы үшін жасалынатын компанияның әлеуметтік бағдарламасы (әдетте мекемедегі құрылымдық өзгерістерге байланысты кәсіби қайта даярлау, жұмысқа тұруда жәрдемдесу ақпараттық науқандар мен іс шаралар жүргізіледі, қызметтен қысқартуға түскен қызметкерге өтемдік төлемдер төлеу жүзеге асырылады).

*Төртінші бағыт – табиғи ортаны қорғау қызметі және ресурстарды үнемдеу шаралары* – қоршаған ортаға зиянды әсерді қысқартуды мақсат етеді. Табиғи қорларды үнемді тұтынуға, қайтадан пайдалану және қалдықтарды кәдеге жаратуға шақырады, қоршаған ортаның ластануын алдын алу шаралары, экологиялық қауіпсіз өндіріс процестерінің жүргізілуі, көлік тасымалдарының экологиялық қауіпсіз болуы, көғалдандыру акциялары және мекемеде «сембіліктердің» жүргізілуін т.б. шараларды қамтиды.

*Бесінші бағыт – жергілікті қауымдастықты дамыту* – әр тұлға жергілікті бірлестіктің дамуына үлесін қоса отырыпжүзеге асады. Компаниялар әр түрлі әлеуметтік бағдарламалар жүргізеді. Әлеуметтік қорғансыз қалған қоғамның қарттарына көмек көрсету акциялары, бала мен жасөспірімдерге жәрдемдесу шаралары, шаруашылық, тұрмыстық-коммуналдық салаларды дамыту шаралары, жергілікті білім және спорттық ұжымдарға демеуші болу, жергілікті мәдени, тарихи ескерткіштерді қорғап, сақтау шаралары, әлеуметтік тұрғыда маңызды зерттеулерді қолдау және қайырымдылық акцияларына қатысу, тағы сол сияқты іс шаралар жүргізеді.

*Алтыншы бағыт – адал іскерлік тәжірибе.* Оның мақсаты– мекеменің жабдықтаушылары, бизнес-серіктестері, клиенттері арасындағы өзара қарым-қатынастың әділетті де адал болуы. Бұл- жабдықтаушылар, бизнес-серіктестер, клиенттер және басқа да қатысы бар тұлғаларға деген ақпараттық ашықтық. Ақпараттық ашықтық дегеніміз басқару, тұтынушылар қауымдастығы, кәсіби бірлестіктер мен мемлекеттік құрылымдармен жұмыс істегендегі әділдік, қарым-қатынастың ашық және тура болуы. Мысалы, темекі сататын компаниялардың көмелетке толмаған жасөспірімдерге темекі сатудан бас тартуы, сондай-ақ мемлекеттік басқарма, тұтынушылар қауымдастығы және түрлі кәсіподақтық ұжымдар сияқты қоғамдық ұйымдармен қызметтес болуы [5].

Компанияның нәтижелі әлеуметтік саясаты оның негізгі қажеттіктеріп жүзеге асыруға және бәсекелестікке қатысуға мүмкіншілік береді. Бұл қоғамның, инвесторлардың, акционерлердің мекемеге деген сеніміп арттыра түседі, сонымен қатар мекеменің бәсекеге қабілеттілігі жоғарылайды. Әлеуметтік жауапкершілігі бар бизнес қолайлы әлеуметтік ортаның келешекте ұзақ мерзімді және дамуда тұрақты болуын қамтамасыз етеді.

Әлеуметтік жауапкершілік - әр тұлға өз еркімен таңдайтын, заң талаптарынан тыс жатқан түсінік. Ол - қоғамның құндылықтарын байытатын кәсіпкерлердің ерікті міндеті, өз еркімен қабылданған шешімі.

Заманауи ұйымдар үшін әлеуметтік жауапкершілік мына мүмкіншіліктерді береді:

- пайданың өсуі бизнестің өсуін қарқындата түседі;
- компанияларға өзінің қоршаған ортаны қорғау, этикалық сала және басқа әлеуметтік қызметін сипаттайтын, әлеуметтік жауапкершілігі бар инвестицияларға қол жеткізу мүмкіншілігін береді. Компанияларды әлеуметтік жауапкершілік тұрғысынан бағалайтын бірнеше индекс бар. Ол FTSE4Good, Dow Jones Sustainable Index, және т.б.;
- операциялық шығындарды қысқарту, мысалы өндіріс қалдықтарын азайту арқылы немесе электр энергиясының пайдалануының тиімділігін көбейту немесе қайта өңдеген материалдарды сату арқылы;
- брендті «жақсарту» және компания абыройын көтеру. Бұл компанияға бизнестің жаңа бағыттарын ашады;
- тұтынушылардың адалдығын сақтау, сауданы көтеру, (тұтынушылар өнімнің табиғат пен қоршаған ортаға зиянсыз екенін білгісі келеді, кейбір тұтынушылар тіпті ондай өнімге көбірек ақша төлеуге дайын );
- өнімділікті және өнімнің (қызметің) сапасын жоғарылату;
- қызметкерлерді қызықтыру және ұстап қалу (кез келген адам құндылығы оның құндылығымен бірдей компанияларда жұмыс істеуді қалайды);
- билік органдарының тарапынан наразылықты азайту;
- тәуекел басқарудың нәтижелілігін арттыру;
- бәсекеге қабілеттілікті жоғарылату [6].

Заманауи компаниялар қазіргі күні практикалық жүйелер мен корпоративтік әдеп, жоғары әлеуметтік жауапкершілік деңгей сияқты нәрселерге мұқтаж. Бұл жерде ең керектісі ол бизнестегі өзара қарым-қатынастардың, халықаралық стандарттарға сай келу және оларды қолдану.

Осы жағдайда материалдық және материалдық емес құндылықтарының пайда болуы, жұмыс орындарының қосылуы немесе азаюы, қызметкерлердің адал жұмыс істеуі арқылы әлеуметтік функция жүзеге асырады.

Әлеуметтік жауапкершілік заңнан ерекшеленеді және ұйымның қызметкерлерінің, қала тұрғындарының, аймақтардың, елдің әлеуметтік жағдайларына ерікті пікір білдіру ретінде қарастырылады. Біздің ойымызша, әлеуметтік жауапкершілік түсінігі ұйымның немесе мекеменің әлеуметтік ортаны дамыту үшін өз қызметінің нәтижелерін бағалауды білдіреді.

Әлеуметтік жауапкершілік – экология, әлеуметтік әділдік, тең құқылық секілді жағдайларды қамтитын кең ауқымды түсінік. Ұйымдар қаржы, олардың қоғамға және экологияға сәйкес қоршаған орта әсері секілді үш салада өз жауапкершіліктерін көрсету қажет. Бұл тек кәсіпкерлікке ғана емес, сонымен қатар, үкіметтік, әлеуметтік және ерікті ұйымдарға қатысты [7].

Біздің көзқарасымыз бойынша, әлеуметтік жауапкершілік стандарттары, әлеуметтік жауапкершілік есебі мен бағалауы, әлеуметтік аудит сияқты элементтерден құралған кәсіпкерлік, мемлекет, азаматтық ұйым арасындағы жылдам байланысты қадағалауды жүзеге асыратын әлеуметтік жауапкершілік жүйесін құру қажет.

Әлеуметтік жауапкершілік стандартын айтарлықтай бірнеше елдер ішінде қазіргі таңда басты рөлді алғашқы таңда, бүкіләлемдік азамат құқығы декларациясымен, БҰҰ (Біріккен Ұлттар Ұйымы) балалар құқығы ұйымымен және басқа ұйымдармен анықталған әлеуметтік жауапкершілік ұйымдарын қамтамасыз ететін нормативтік талаптарды, саяси процедураларды құрайтын құжаттар алады [8].

Әлеуметтік жауапкершілік тәртібін белгілеуде қажеттілікке назар аударып отырып, әлеуметтік, өнеркәсіптік және де басқа ұйымдар мен мекемелердің, сонымен қатар АҚШ және Еуропа қызмет басқармалары серіктестік негізінде алғашқы халықаралық «Әлеуметтік жауапкершілік 8000» (SA 8000: 1997 жылғы) стандартын құрды.

Оның идеологиялық негізі болып, халықаралық ұйымдар құжаттарында қарастырылған балалар еңбегі және зорлау, әйелдер мен ерлер еңбегінің тең төленуі, бостандық, біріккен техника қауіпсіздігін құру, денсаулық сақтау және т.б. принциптер табылады. Стандарт талаптары кез келген географиялық аумақтарға, өндірістік салаларға және мекемелерге (олардың көлеміне қарамастан) таралуы мүмкін. Соңғы айтылған ойларды қарастырып, (ұлттық заңдылық негізінде) және жоғарыда айтылған жағдайларды ескере отырып, барлық қызығушылық танытқан тұлғаларға

стандарт талаптарына сәйкес, өмірге саясатты, процедураларды және түрлі әдістер мен тәсілдерді құрастырып және өткізу қажет.

SA 8000 әлеуметтік жауапкершілікті басқарудың тек бір ғана мүмкін әдістемесін айқындайды. Ол ИСО 9000 (сапаны басқару) және ИСО 14001 (қоршаған орта күзетін басқару) стандарттары секілді жүйелік өткізгіштерде құралған, алайда, бағалау көрсеткіштерде қолданылатын базалық мәндермен ерекшеленеді.

SA 8000 тек арнайы базалық талаптарды орнатады және олардың орындалуы кезеңінде ғана компания қажетті стандартқа сай болуы мүмкін. Әлеуметтік жауапкершілік аудитінің ерекшелігі, ол тек компанияда фактілі жағдайларды дәстүрлі түрде тексеріп қоймай, сонымен қатар компанияда арнайы сұраныс жүргізіліп және қызығушылық танытқан барлық қоғамның (мекеме қызметкерлері ғана емес, сонымен қатар компания орналасқан аймақтарды қамтиды) пікірі қарастырылады. Ол үшін мақсатты топтармен сұхбат жүргізіледі. Сұраныс кезінде алынған ақпарат ауқымданып, объективті түрде куәландырылады. Егер аудит SA 8000 стандартына сәйкес куәлік беруіне қажет оң нәтиже бермесе, сарапшылар мекеме жағдайын жақсартуға бағытталған кепілдеме құжаттарын даярлау қажет. Стандарт бұл түрде тек әлеуметтік-этикалық нормаларды ұстануды бағалау құралы ғана болып қоймай, сонымен қатар мекемені тексеретін көмекші құрал болып табылады.

Әлеуметтік жауапкершілікті есептеу мен бағалауда әлеуметтік жауапкершілікті қадағалайтын екінші элемент ол – есеп беру. Жылдық есеп беру секілді әлеуметтік сұхбат бойынша есеп беруіне бағытталған сұлба жасап алу қажет [9].

Осылайша, әлеуметтік жауапкершілік бойынша есептеу құрғанда, негізгі мәселелердің бірі болып акционерлерде, менеджерлерде этика мен қаржы нәтижелері арасында байланысты көлемді түрде бағалай алмауы табылады, ал өлшенуіне келмейтін мәселелер назарға алынбайды. Этикалық және әлеуметтік аспектілер ұйымда сапалы табыс алу үшін негізгі жылжымалы күш болып отыр және олардың болашақ 10 жылда ауқымдану үдерісі жалғасатын болса, олар жоғарғы деңгейге өседі.

#### ӘДЕБИЕТ

- [1] Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы // "Егемен Қазақстан" газеті. – 2013. – № 7. Б. 5-7.
- [2] Управление социальным развитием организации: Н.Н.Богдан, М.Г.Масилова: Учебное пособие. – Владивосток: ВГУЭС, 2009. – 284 с.
- [3] [http://ngoexpert.kz/upload/files/issledovaniyu\\_kso\\_sandj\\_dlya\\_fonda\\_evraziya\\_2013.pdf](http://ngoexpert.kz/upload/files/issledovaniyu_kso_sandj_dlya_fonda_evraziya_2013.pdf)
- [4] Корпоративная социальная ответственность. Case-study: на примере 30 компаний Казахстана. – LPRC, 2015.
- [5] Оксина К.Э. Управление социальным развитием организации. – М.: Флинта, 2007. – 160 с.
- [6] Захаров, Я.А., Кузнецов, А.Л. Управление социальным развитием организации: учебник. – М.: ИНФРА-М, 2006. – 286 с.
- [7] Основы социального управления: теория и методология: учебное пособие / Под ред. В. Н. Иванова. – М.: ОАО «НПО «Экономика», 2000. – 271 с.
- [8] Управление социальным развитием организации: Григорьева Н.Н.: Учебный курс (учебно-методический комплекс). – М., 2010. – 543 с.
- [9] <https://vlast.kz/biznes/> В Казахстане конфликты между бизнесом и человеком остаются скрытыми.

#### REFERENCES

- [1] Kazakstan Respublikasynyń Prezidentı - Yelbasy N. Ä. Nazarbayevtyń «Kazakstan-2050» strategiyasy kalyptaskan memlekettin zhan sayasi bagyty»atty Kazakstan halkyna Zholdauy, "Yegemen Kazakstan gazetı" № 7 shygarylym, 2013zh. 5-7 b.
- [2] Upravleniye sotsial'nyy razvitiyem organizatsii: N.N.Bogdan, M.G.Masilova. Uchebnoye posobiye. Vladivostok: VGUES, 2009. 284 p.
- [3] [http://ngoexpert.kz/upload/files/issledovaniyu\\_kso\\_sandj\\_dlya\\_fonda\\_evraziya\\_2013.pdf](http://ngoexpert.kz/upload/files/issledovaniyu_kso_sandj_dlya_fonda_evraziya_2013.pdf)
- [4] Korporativnaya sotsial'naya otvetstvennost'. Tematicheskoye issledovaniye: naprimere 30 kompaniy Kazakhstana. LPRC, 2015.
- [5] Oksinoyd K.E. Upravleniye sotsial'nyy razvitiyem organizatsii. M.: Flinta, 2007. 160 p.
- [6] Zakharov Ya.A., Kuznetsov, A.L. Upravleniye sotsial'nyy razvitiyem organizatsii: uchebnik. M.: INFRA-M, 2006. 286 p.
- [7] Osnovy sotsial'nogo upravleniya: teoriya i metodologiya: uchebnoye posobiye / Pod red. V. N. Ivanova. M.: OAO «NPO« Ekonomika», 2000. 271 p.

[8] Upravleniye sotsial'nym razvitiyem organizatsii: Grigor'yeva N.N.Uchebnyy kurs (uchebno-metodicheskiy kompleks). M., 2010. 543 p.

[9] <https://vlast.kz/biznes/> V Kazakhstane: konflikty mezhdru biznesom i chelovekom.

**А. А. Болтаева**

Университет Нархоз, Алматы, Казахстан

## **РАЗВИТИЕ СОЦИАЛЬНОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ БИЗНЕСА В КАЗАХСТАНЕ**

**Аннотация.** В статье рассматриваются основные направления развития социальной ответственности бизнеса, дается его понятие как экономической категории. Представлено развитие элементов социального бизнеса.

Формирование социальной ответственности государства и бизнеса является одним из базовых условий устойчивого развития. Социальная ответственность в современном мире воспринимается не только как благотворительность, но и как эффективная деятельность, повышающая деловую репутацию и капитализацию компании. Это добровольный вклад бизнеса в развитие общества, социальной, экономической и экологической сфер. Это осознанные инвестиции бизнеса в будущее.

Так же анализируются результаты проведенных специализированных исследований, которые демонстрируют низкую осведомленность субъектов бизнеса Казахстана о социальной ответственности бизнеса, а также отсутствие единого понимания концепции социальной ответственности бизнеса различными заинтересованными сторонами.

По мнению автора, в Казахстане необходимо совершенствование системы социальной ответственности бизнеса, разработать аналитический инструментальный эффективности ее функционирования, на законодательном уровне определить порядок подготовки и аудита социальной отчетности.

Восполнение данных пробелов является необходимым условием повышения конкурентоспособности казахстанского бизнеса.

**Ключевые слова:** государство, бизнес, социальная ответственность бизнеса, социальное развитие, социальный аудит, этика, стандарты социальной ответственности.